**Облыстық онлайн оқыту семинарларының сериясы шеңберінде «ЕББҚ бар оқушыларды логопе» тақырыбында семинар өткізу туралы**

Жалпы білім беру процесіне инклюзивті тәжірибелерді тиімді енгізу бойынша мектеп педагогтарының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мақсатында 19.04.2024 жылы облыс мектептерінің мұғалім-логопедтеріне арналған «ЕББҚ бар оқушыларды логопедиялық сүйемелдеу» тақырыбында оқыту семинарының 3-ші күні өтті. Модератор Көкшетау қ. білім бөлімінің инклюзивті білім беру әдіскері Жайлауова Гүлнар Өмірбекқызы семинарды жүргізді. Семинарға инклюзивті білім беруге жетекшілік ететін аудандық және қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері де қатысты.

№19 ЖОББМ ресурстық орталығының мұғалім-логопедтері Искендирова А.А., Федотова В.Ф., Кульмаганбетова Г.Е. және Тайжанова С.С. логопедтің ЕББҚ бар оқушылармен жұмыс істеудегі құжаттамасын жүргізу, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, ЕББҚ бар оқушыларды логопедиялық сүйемелдеудің жеке-дамытушы бағдарламаларын жасау мәселелері бойынша жұмыс тәжірибесімен бөлісті. Облыстық және ауданаралық ПМПК логопедтері Стрекалова Елена Анатольевна мен Леонова Лариса Брониславовна ПМПК кешенді жұмыс жүйесіндегі логопедтің қызметі және сөйлеу тілінің жүйелі бұзылыстардағы логопедтің жұмысы туралы тәжіриесімен бөлісті

Семинар барысында облыс педагог-психологтары ОР бар балаларды оқыту және тәрбиелеу бойынша қызықтыратын мәселелерді талқылап, **осындай семинарларды өткізудің маңыздылығын атап өтті.**









*Орынд.: Жанғали І.Ә.*